



## /// ПРЕЗИДЕНТ



## ТӘЖІРИБЕ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ҰШТАСТЫРАДЫ

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық ғылыми онкология орталығының жаңа корпусын аралап көрді. Ондағы құрылыс барысымен танысты. Нысан биыл тамыз айында пайдалануға беріледі.

Гимараттың жалпы ауданы 58 мың шаршы метрден асады. Мұндағы стационар 210 төсек-орынға есептелген. Оның ішінде 24 орын анестезиология, реанимация және интенсивті терапия бөлімдеріне, 150 орын күндізгі стационарға арналған. Жоспарға сәйкес бұл ауруханада жыл сайын 6 мың наукас емделе алады.

Мемлекет басшысына жаңа корпуста қатерлі ісіктерді диагностика жасауға және емдеуге қатысты әлемдік бірегей технологиялар шоғырланатыны жөнінде мәлімет берілді. Мұнда ғылыми зерттеулер жүргізіп, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен білім беру тәжірибелерін жүзеге асыруға жағдай жасалады.

Жаңа корпус ашылғаннан кейін бұл орталық онкологиялық көмек көрсету бойынша интеграцияланған модель құру ісінде ұлттық үйлестірушіге айналады. Аталған бастамада денсаулық сақтау жүйесіндегі алғашқы буыннан бастап онкологиялық ауруларды емдеуге маманданған барлық медициналық мекеме қамтылады.

## /// ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АКЦИЯ

## КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ...

Мемлекеттік Рәміздер күнінде Рәміздер алаңында салтанатты шара өтті. Шара барысында Тәуелсіз Қазақстанның және аймақтың дамуына үлес қосқан сырбойлықтар марапатталды. Шара концерттік бағдарламамен, авторшерумен жалғасты.

Айта кетейік, мерекеге орай облыстағы ірі сауда орталықтарында, халық көп жиналатын орындарда, теле-радио арналарда, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда, бюджеттік мекемелерде Мемлекеттік Гимн бір мезгілде орындалды.

Қала және аудандарда ғимарат терезелеріне, балкондарда Мемлекеттік Ту ілінетін «Туымыз – төрімізде» флэшмобы ұйымдастырылуда.

Әлеуметтік желілерде «Менің туым – менің мақтанышым!» челленджі іске қосылды. Өңірде Елтаңба авторларының бірі,

Сонымен қатар стационарда бас және мойын онкологиясы, торақалды және абдоминальды онкология, онкоурология, маммология, онкогинекология, остеонкология және онкогематология орталықтарын ашу қарастырылған.

Мемлекет басшысы ұжым қызметкерлерімен кездесу барысында бұл корпусты салу денсаулық сақтау саласындағы басым міндеттерді сапалы орындауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Жаңа медициналық мекеме құтты болсын. Әлемде мұндай орталықтар өте аз. Бұл біздің аймақтағы медициналық тәжірибе мен ғылымды ұштастыратын озық мекеме болмақ, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Президент нысан құрылысының мерзімі мен жоғары сапа стандарттарын қатаң сақтау қажет екеніне назар аударды.

Кеше Президент елордала сондай-ақ отбасылық SANA Sport орталығында болды. Мұнда спорт, шығармашылық, білім бағыттары бойынша 29 үйірме жұмыс істейді.

Жазғы балалар лагерьлерінде «Отанды сүю – жүректен» атты патриоттық шаралар ұйымдастырылды.

Сонымен бірге, барлық елді мекендердегі ҚР Рәміздері аллеялары мен ҚР Рәміздері алаңдарында тұрғындардың, жастар мен волонтерлердің қатысуымен шаралар өтті.

Жазғы балалар лагерьлерінде «Отанды сүю – жүректен» атты патриоттық шаралар ұйымдастырылды.

Сонымен бірге, барлық елді мекендердегі ҚР Рәміздері аллеялары мен ҚР Рәміздері алаңдарында тұрғындардың, жастар мен волонтерлердің қатысуымен шаралар өтті.

Жазғы балалар лагерьлерінде «Отанды сүю – жүректен» атты патриоттық шаралар ұйымдастырылды.

Сонымен бірге, барлық елді мекендердегі ҚР Рәміздері аллеялары мен ҚР Рәміздері алаңдарында тұрғындардың, жастар мен волонтерлердің қатысуымен шаралар өтті.

## БІРЛІК ПЕН ДАМУ

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси бағдарының басты негіздері

Ерлан ҚАРИН,  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кеңесшісі

### І. ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘНІ НЕДЕ?

Ішкі саясат саласында ақпарат ағыны әрдайым жылдам алмасып отырады. Белгілі бір кезеңде саяси реформалар, сайлаулар мен кадрлық ауыс-түйістер ел назарында болды. Содан соң отбасылық зорлық-зомбылық, қарғын сумен күрес мәселесі күн тәртібіне шықты. Дегенмен билік құрылымдары түгелдей күнделікті мәселелермен айналысып жатқанына қарамастан, мемлекеттік саясаттың негізгі бағдарына сәйкес ілгерілеу үшін жүйелі жұмыс жалғасып келеді.

Дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан Қазақстанның идеологиялық тұғырнамасын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев наурыз айында Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында айқындап берді. «Әділдік» деген ауқымды ұғым осы идеологияның арқауына, ал «Әділдікті Қазақстан» деген түсінік мемлекет бағдарының басты идеологиясына айналды.

«Әділдікті Қазақстан» – бір жағынан мемлекеттік идеологияның өзегі әрі мемлекеттік саясаттың түпкі мақсаты. Со-

нымен бірге бұл – қоғам санасына орныққан болашақтың бет-бейнесі. Шын мәнінде, «Әділдікті Қазақстан» идеясы күні кеше ғана немесе жұрт айтып жүргендей, соңғы екі-үш жылда ғана пайда болған жоқ. Қасым-Жомарт Тоқаев Президент қызметіне келген күннен бастап әділдіктің кастерлі қағидатына айрықша мән берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент лауазымына кіріскеннен кейінгі алғашқы сөзінде: «Еліміздің даму жолындағы осы маңызды мезетте бүкіл қоғам болып, өркендеген, демократиялық, Әділдікті Қазақстанды құру идеясының төңірегіне топтасуы керек» деген еді. Одан кейін 2019 және 2022 жылы өткен Президент сайлауы кезінде Мемлекет басшысы «Әділдік» ұғымын сайлау алдындағы тұғырнамасына негіз етіп алып, өз саясатының басты қағидаты ретінде ұстанып келеді. Әділдікті мемлекет құру идеясы қасіретті қаңтар оқиғасынан кейін мемлекеттік саясаттың ғана емес, бүкіл қоғамның идеологиялық темірқазығына айналды.

Әділдік идеясы қоғамның сұранысына да, мемлекеттің ұстанымына да сай келеді. Яғни «Әділдікті Қазақстан» ұлтты ұйыстыратын идеяға айналды. Осы орайда, «әділдік» және «әділдікті мемлекет» деген терминдердің мән-мағынасын нақтылай кеткен жөн. Әділдік дегеніміз – бәрін бір қалыппа салып, теңестіру емес. Әділдік – ең

алдымен, құқықтар мен міндеттерді бәріне бірдей бөлу деген сөз. «Әділдік» ұғымын дәл осылай ұғынып, түйсіну қажет. Ол барлық реформаның өн бойында тұр.

Соңғы жылдары мемлекеттік деңгейдегі көптеген шешім осы әділдік идеясына орай қабылданып келеді. Мысалы, 2022 жылы жүргізілген конституциялық реформа аясында халықтың жерге және оның қойнауындағы байлыққа, жануарлар және өсімдіктер әлеміне, сондай-ақ басқа да табиғи ресурстарға қатысты меншік құқығы Ата заңымызда бекітілді. Бұл қағидат іс жүзінде «Ұлттық қор – балаларға» атты бағдарлама арқылы жүзеге асырылды. Соған сәйкес бұдан былай Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының жартысы балаларға арналған жинақтаушы есепшоттарға тең бөліп аударылады.

Сондай-ақ әділдік қағидатының нақты жүзеге асырылып жатқанына мысал ретінде кезінде заңсыз алынған, жалпы сомасы 1 триллион теңгеден асатын активтердің елге қайтарылғанын, пайдаланылмай келген 5 миллион гектардан астам жердің мемлекет меншігіне өткенін, сонымен бірге «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының құрылғаны мен «Самұрық-Қазына» қорының таза табысының кемінде 7 пайызы жыл сайын осы қордың есепшотына аударыла бастағанын атап өтуге болады.

2-бет



## ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРУ: ҮШІНШІ КЕЗЕҢ ҮРЕЙЛЕНЕТІН МӘСЕЛЕ МЕ?

Еске салсақ, Қазақстанда жалпыға бірдей декларация 2021 жылы енгізілді. Ол төрт кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде лауазымды мемлекеттік қызметкерлер мен олардың жұбайлары тапсырды. Еліміз бойынша бұл кезеңдегі декларациялаудан шамамен 580 мың жеке тұлға өткен.

Екінші кезеңде квазимемлекеттік сектордың мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлері, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсырды. Бұлардың саны шамамен 2,1 миллион адамды құрады.



3-бет

Табиғаттың қарасқаны болар, биыл дария деңгейі қалыпты күйде. Бұған, әрине, жауын-шашынның мол түсуі оң әсерін тигізді. «Шардараға» дейінгі су қоймаларында осы кезде 16,3 млрд текше метр су бар. Былтыр 14,6 млрд текше метрді құраған еді.

## ӨЗЕН – ТІРШІЛІК ӨЗЕГІ

### «ШАРДАРАНЫҢ» ШЫРАЙЫ ЖАҚСЫ

Кейінгі жылдары дария суы төмендеп кеткені белгілі. Былтыр «Шардара» су қоймасына 4,2 млрд текше метр су жиналады деген болжам жасалған еді. Дегенмен ол небәрі 2,4 млрд текше метрден асқан жоқ. Биыл жыл басында мамандар былтырғы көрсеткіш қайталануы мүмкін деген болжамын айтқан болатын. Жауын-шашынның мол түсуі өзеннің да, қойманың да деңгейін көтерді. Сәуір айында Шымкент қаласында Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мемлекеттерінің Су шаруашылығы министрлерінің бас қосуымен өткен жиында аталған мәселе кеңінен талқыланды.

Нәтижесінде «Шардараға» түсетін су мөлшері 3,6 млрд текше метр көлемінде белгіленді. Сол арқылы Қызылорда облысының су шаруашылығына бөлінген лимит 3,7 млрд текше метрге көбейді.

– Қазір облысқа секундына 654 текше метр су келуде. Былтыр ол 616 текше метрді шамалады. Жасыратыны жоқ, кейінгі жылдары Солтүстік Арал теңізіне жіберілетін су мөлшері төмендеп кеткен еді. Комиссия отырысында Кіші Аралға 997 млн текше метр су босату жөнінде ұйғарымға келді. Ендігі кезекте сол судың межелі жеріне толықтай жетуіне қадағалау жүргіземіз, – деді Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының басшысы Қайратбек Сәрсенбаев.

4-бет



# БІРЛІК ПЕН ДАМУ

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси бағдарының басты негіздері

Шын мәнінде, Әділетті Қазақстан – бәзбіреулер айтып жүргендей, биліктің ойлап тапқан жасанды идеясы емес, Президенттің стратегиялық бағдарының идеялық негізі. Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің ең негізгі миссиясы – Әділетті Қазақстанды құру екенін үнемі айтып жүр. Саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салаларда жүргізіліп жатқан жүйелі реформалардың бәрі, ең алдымен, осы стратегиялық мақсатқа қол жеткізуге арналған. Президенттің елімізді түбегейлі және жан-жақты жаңғыртуға қатысты байыптамасының түпкі мәні осында жатыр.

### II. ЖАҢА ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮҒЫРНАМА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдан бері дәйекті түрде жүргізіп келе жатқан, идеологиялық сипаты «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасында көрініс тапқан саясаты басты бес тұжырымға негізделген. Президент оның әрқайсысын әртүрлі кезеңде ұсынып, саяси өмірге біртіндеп енгізіп келеді.

«Әртүрлі пікір – біртұтас ұлт» атты алғашқы тұжырым «Әділдік және Әділетті Қазақстан дегеніміз не?» деген сауалға жауап береді. Бұл жерде әңгіменің түйіні тең құқылы, сындарлы талқылау арқылы бәріне ортақ байлам жасап, шешім қабылдау қажет деген пайымға келіп тіреледі. Әділетті Қазақстанды құру жолында теңқұқылық қағидаты өте маңызды. Осы қағидат берік орнықса, азаматтардың бәрі өзінің жеке әлеуетін жүзеге асыру үшін әлеуметтік жағдайына, ұлтына, тілі мен дініне қарамастан бірдей құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты екінші тұжырым «әділдік ҚАЛАЙ орнайды?» деген сауалға «ел-жұртпен тығыз байланыста болып, олардың мұн-мұқтажын тыңдай білу арқылы орындады» деп жауап беруге негізделген. Дегенмен «халық үніне құлақ асатын мемлекет» ұғымы азаматтардың күнделікті түйткілдерін шұғыл әрі тиімді шешуді ғана меңземейді. Сонымен қатар, бұл тұжырымдама елімізді дамытуға қатысты басты мәселелер бойынша қоғамның барлық өкілінің пікірін ескере отырып, байыпты әрі ортақ шешім қабылданатынын аңғартады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» жарқын мысалы ретінде Конституцияға өзгерістер енгізу үшін өткізілген референдумды айтуға болады.

Үшінші тұжырым – «Заң және тәртіп» әділдік орнатуын әдіс-тәсілдерін айқындайды, яғни «Әділдікті қандай жолмен орнатамыз?» деген сауалға жауап береді. Заңды мүлтіксіз сақтау, баршаның заң алдында тең болуы, ең бастысы заң бұзған адамның қалайда жазасын алуы – қоғамда әділдікті орнықтырудың басты шарты. Осының бәрін іс жүзінде орындау өте маңызды. Бұл, әсіресе, тұрмыстық-отбасылық зорлық-зомбылыққа, жемқорлыққа қарсы күреске қатысты оқиғалардан айқын көрінеді. Қылмыс жасаған адамның лайықты жазалануы – әділ сот төрелігі қағидатының көрінісі ғана емес, сондай-ақ қоғамның сот жүйесіне және тұтас мемлекетке деген сенімінң көрсеткіші. Бұл ретте мына жайтты түсініп алған жөн. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету – мемлекеттің ғана міндеті емес. «Заң және тәртіп» қағидатының қоғамда орнығуына барлық азамат ұдайы атсалысуға тиіс.

Төртінші тұжырым – «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» Әділетті Қазақстанның институционалдық ауқымын айқындайды, яғни «Әділетті Қазақстан» қандай болуы керек?» деген сұраққа жауап береді. 2019-2021 жылдардағы саяси реформалардың төрт топтамасы осы 2022 жылғы саяси жаңғыру бағдарламасы және тұжырымды нақты жүзеге асыруға арналды. Соның нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік жүйесі бар мемлекеттік құрылымның жаңа институционалдық үлгісі қалыптасты.

Бесінші тұжырым – «Адал азамат» ұғымы «Әділетті Қазақстанды КІМ қалыптастырады?» деген сауалға жауап бере отырып, ел-жұртымыздың рухани-адами келбеті болашақта қандай болатынын және азаматтық қоғам қалай дамитынын көрсетеді. Мемлекет басшысы: «Адал азамат» – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қоятын адам» деген еді. Идеологиялық тұғырнама туралы айтқанда мына мәселеге назар аударған жөн. Бұл – қандай да бір қатып қалған қағидаларды үгіт-насихат арқылы жасанды түрде жаппай санаға сіңіру емес, керісінше, біздің қоғамның рухани бірлігін нығайта түсетін шынайы құндылықтарды дәріптеу деген сөз.

Жалпы, Мемлекет басшысы ұсынған идеологиялық тұғырнама елімізді одан әрі жан-жақты жаңғыртуға қатысы бар салалардың бәріне тың серпін береді.

### III. ӨТКЕНГЕ ОРАЛМАЙТЫН ӨЗГЕРІСТЕР

Кейде «Реформалар нәтижесі қайда, уәде етілген өзгерістер қайда? Жаңа Қазақстанның түрі осы ма?» деген пікірлер айтылуы қалады.

Біріншіден, өзгерістер әп-сәтте жасала қоймайды. Реформаларды жүзеге асыру үшін орасан зор күш-жігер, қиынсыз уақыт қажет. Мәселенің мән-жайын білмейтін адамға бұл үдеріс тым ұзаққа созылып бара жатқан секілді көрінуі мүмкін. Дегенмен өзгерістер



бар. Кез келген реформа – қажырлы еңбекті талап ететін аса күрделі жұмыс. Кім не десе о десін, Қазақстан реформалар жолымен сенімді қадам басып келеді.

Екіншіден, біздің елімізде соңғы бес жылда кішігірім өзгерістер емес, керісінше, көптеген салада түбегейлі әрі жүйелі бетбұрыс жасалды. Егер тереңірек ойланып көрсеніз, небәрі үш жылдың ішінде бүкіл саяси жүйенің құрылымы қайта жасакталғанын аңғарасыз. 2019-2021 жылдардағы саяси реформалар 2022 жылғы конституциялық реформаға ұласып, соның нәтижесінде еліміздегі мемлекеттік институттардың мәртебесі мен ролі едәуір артты. Конституциялық сот жұмыс істей бастады. Президенттің құзырына кіретін мәселелер азайып, керісінше, Парламенттің құзыреті кеңейді. Аралас сайлау жүйесі енгізілді, саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілді. Тұңғыш рет ауыл әкімдері тікелей сайлана-тын болды. 2021-2023 жылдардағы сайлау қорытындысында ауыл әкімдерінің үштен екісі жаңарды. Былтыр алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлап көрдік. Мұндай сайлаулар 2025 жылдан бастап тұрақты өткізілетін болады.

Бұл аз десеніз, реформалар Қазақстанға ғана емес, айналамыздағы ауқымды геосаяси кеңістікке де жаңашылдық әкеліп, осы аймақтағы елдер үшін жаңа үрдісті бастап берді. Үшіншіден, саяси реформалармен қатар экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық салаларда да маңызды өзгерістер жасалып жатыр. Халықтың тұрмысын жақсарту үшін бағалы бастамалар мен нақты жобалар жүзеге асырылып келеді. Жүйелі әрі кешенді жұмыстар қазірдің өзінде жемісін бере бастады. Ең төменгі еңбекақы көлемі екі есеге артты. Бұл 1,8 миллион адамның табысына тікелей әсер етті. Ұстаздар мен дәрігерлердің, сондай-ақ ғалымдардың жалақысы көбейіп, оларды әлеуметтік тұрғыдан қорғау шаралары күшейді.

Мемлекет басшысының бастамасымен жұртқа тұрғын үй жағдайы мен денсаулығын жақсарту үшін зейнетақы жинағының бір бөлігін алуға мүмкіндік берілді. Бұл мүмкіндікті миллионға жуық азамат пайдаланып үлгерді. «Жайлы мектеп», «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» секілді ауқымды ұлттық инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Соның аясында барлық аймақта жүздеген мектеп пен денсаулық сақтау нысаны салына бастады. Дегенмен ең бастысы – реформалар қоғамдық қатынастардың сипатын біржола өзгертті, ұлттың саяси mentalitetі өсіп, азаматтық белсенділігі артып келеді, тұрғындар елдік мәселелерге еркін араласатын болды, жұрттың бір-біріне деген жанашырлығы нығая түсті, қоғамдық пікір саяси өмірге едәуір ықпал ете бастады. Саяси мәдениетке қатысты бұл өзгерістерді кей қайтару еш мүмкін емес.

Осылайша, елімізде түбегейлі өзгерістер жасалды, жаңарулар әлі де жалғасып келеді. Жүзеге асырылып жатқан жан-жақты реформалар енді тоқтамайды.

### IV. ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ ЭТИКА

Қоғам санасындағы және жұрттың мінез-құлқындағы әбден ескірген қасан түсініктер мен ұғымдар келмесе кетпесе, саясат пен экономикадағы ауқымды реформалар еш нәтиже бермейді. Ескішілдік пен өркениетті даму жолы ешқашан бір арнаға тоғыспайды.

Мысалы, 2022 жылы қоғам өкілдерінің ұсынысымен Мәжіліс және мәслихат депутаттары аралас сайлау жүйесі енгізілді. Өкінішке қарай, іс жүзінде бір мандатты округтердің кейбіреуінде оң үрдіспен қатар жағымсыз жайттар да болды. Ашығын айтсақ, бірқатар округте бағдарламалар мен идеяларға негізделген еркін бәсеке түріндегі саяси күреске куә бола алмадық. Онда алдымен рушылдыққа жол берілді. Тіпті кейбір жерде қылмыстық топтар билікке енуге де әрекет жасады.

Жаңа саяси мәдениет қалыптастырмай, жасампаз құндылықтар негізінде қоғамдық

этиканы жаңартпай, әділетті қоғам құру мүмкін емес екені айдан анық. Сондықтан Президент Атырауда сөйлеген сөзінде жалпыұлттық құндылықтарды нақты айқындап берді. Бұл:

- Тәуелсіздік және отаншылдық;
- Бірлік пен ынтымақ;
- Әділдік және жауапкершілік;
- Заң мен тәртіп;
- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
- Жасампаздық пен жаңашылдық.

Мемлекет басшысы жалпыұлттық құндылықтарды бір тұжырымдамаға біріктіріп, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін идеологиялық бағыт-бағдарымыздың бірыңғай жүйесін жасады. Сондықтан осы идеологиялық-гуманитарлық тұғырнама ішкі саясаттағы білім мен тәрбие беру, мәдени-ағарту жұмыстарының басты бағытына айналуды керек.

Ұлттық құрылтайдағы бастамаларды жүзеге асыру үшін 40 тармақтан тұратын кешенді жоспар бекітілді. Осы құжаттың аясында жыл соңына дейін 9 қаз қабылдау жоспарланған. Қазірдің өзінде оның үшеуін Парламент мақұлдап, Президент қол қойды. Жақында «Заңсыз ойын бизнесіне және лудомания қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспар» бекітіледі. Сондай-ақ басқа да тұжырымдамалық құжаттар әзірлеп, нақты жобалар мен іс-шараларды жүзеге асыру қарастырылған.

Жалпыұлттық құндылықтарды әдістемелік тұрғыда негіздей отырып, жан-жақты дәріптеудің әдеттегі жалаң үгіт-насихаттан айырмашылығы – бұл тәсіл бірден нәтиже бермесе де, стратегиялық жағынан алғанда әлдеқайда тиімді. Жаңа құндылықтар жүйесі әр азаматтың мінез-құлқы мен күнделікті іс-әрекеті арқылы қалыптасуы керек. Сол себепті, билік «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына баса мән беріп отыр. Мемлекет басшысы өз сөзінде осы жалпыұлттық науқанның маңызы зор екенін ұдайы айтып жүргенін көпшілік байқаған да болар. Шын мәнінде, елді жаңғырту өркімнің өз үйін, ауласын, көшесін тазалау сияқты қарапайым шаруалардан, әр адамның өз мінез-құлқы мен мәдениетін өзгертуден басталады.

Сонда жаңа қоғамдық этика қалыптастыру ісі қазір жүргізіліп жатқан реформалардың дәйекті түрде жүзеге асырылуына, сол арқылы Қазақстанның өркендеуіне қажетті негізгі алғышартқа айналады.

### V. ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРТАЛАСТЫҢ REDLINE-Ы

Қоғамның ашықтығы, экономикалық реформалардың іске асуы, коммуникацияның жаңа түрлерінің қарқынды дамуы сияқты нақты себептерге байланысты сол қоғамның құрылымы үнемі өзгеріп отырады. Қоғамдық-саяси кеңістік кеңейіп, күрделене түседі, яғни жаңа страталар, әлеуметтік топтар мен субмәдениеттер, сан алуан саяси және идеологиялық көзқарастар пайда болады. Қазір біздің қоғамда саяси ұстанымы әртүрлі азаматтар, атап айтқанда, либералдар, социалистер, консерваторлар, оңшылдар, солшылдар және центристер бар. Олар түрлі саяси идеалға және құндылықтарға сенеді. Осы орайда біз пікір алудыңын дамыта отырып, ең алдымен, жалпыұлттық мүддеміздің біртұтастығына баса мән беруіміз қажет.

Бұл тұрғыда ел ішіне іріткі салатын әрекеттерге ғана емес, жұртты арандатып, дау-дамай туғызуы мүмкін кез келген сөзге абай болған жөн. Өкінішке қарай, тым шолақ ойлайтын кейбір әсірелсенділер, кейде тіпті іс-әрекеті ақылға сыймайтын адамдар көпшілікке өзінің сынаржақ көзқарастарын күшпен таңып, жұртшылықтың пікірін өз ыңғайына қарай бұрғысы келеді.

Қазақта «ала жіпті аттамау» деген ұғым бар. Біздің саясатта да мұны берік ұстану керек. Яғни елдігімізге, бірлігімізге, ынтымағымызға сызат түсіретін дүниеден ашақ болған жөн. Қоғамдағы пікірталас кезінде аттап өтуге болмайтын шек, яғни «Redline» нақты белгіленуге

тиіс. Бұл дегеніміз – қандай да бір тақырыпты талқылауға тыйым салу немесе цензура жасау емес. Бұл – саяси пікірталас кезінде ұстамды болып, сабыр сақтауға шақыру. Ел алдында жүрген азаматтар, яғни қоғам белсенділері, бұқаралық аппарат құралдарының қызметкерлері, блогерлер, азаматтық сектордың өкілдері берекелі бірлігімізге сызат түспесін десе: – этносаралық қатынастарға және тіл мәселесіне;

– дін саласына;

– сыртқы саясатқа қатысты ахуалды

ушықтырмауға баса мән беруі қажет.

Біздің қоғам бұл мәселелерге қатысты жан-жал туғызатын сөз таратуға, ашу-ызаға толы мәлімдеме жасауға болмайтынын жақсы түсінеді. Бұл тұрасында білікті мамандар мен сарапшылар ғана кәсіби тұрғыдан пікір таластыра алады.

Мемлекет елдің ынтымағын бұзып, шаңырағын шайқалтқысы келетін кез келген әрекетке заң арқылы қатаң тосқауыл қояды. «Шектен шығуға жол жоқ» деген қағида әрдайым басшылыққа алынады. Біз дін бостандығын қолдаймыз, алайда соқыр сенім мен надандыққа қарсымыз. Біз отаншылдықты қолдаймыз, алайда ксенофобия мен әсіреутишылдыққа қарсымыз. Біз либерализмді қолдаймыз, алайда жүгенсіздік пен нигилизмге қарсымыз.

Барша адамдар, әсіресе қоғамдық-саяси өмірге белсене атсалысып жүрген азаматтар, өзінің саяси көзқарасы мен ұстанымына қарамастан, жалпыұлттық мүддені, мемлекеттілікті сақтау және нығайту мәселесін бәрінен биік қоюға тиіс.

### VI. БІЛІК ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДИАЛОГІ

Ел бірлігін, татулық пен бейбітшілікті, этносаралық және дінаралық келісімді сақтау арқылы тұрақтылыққа қамтамасыз ету мемлекеттің ішкі саясатындағы негізгі басымдық болып қала береді. Осы саладағы жұмыс халықты ортақ мақсатқа ұйыстыру және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін үнемі тың әдіс-тәсілдер, тетіктер мен формалар ойластыруды талап етеді.

«Ішкі саясат – саяси технологиялардың жиынтығы әрі жалаң үгіт-насихат» деген түсінік ел ішінде кең таралған. Бұл – шындыққа еш жанаспайтын жансақ пікір. Мұның бәрі – саясаттың қосалқы құралы ғана. Ешқандай саяси технология халыққа етене жақындық пен ел-жұртпен қоян-қолтық жұмыстың орнын толтыра алмайды. Ішкі саясат дегеніміз – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істеу деген сөз, яғни адамдармен ашық әңгімелесіп, тұрақты диалог орнату қажет. Сонымен бірге, ысқырығы жер жаратын бәзбіреулерді көпшіліктің сөзін сөйлеп жүрген адам деп түсіну әбестік. Мұндай қателікке ұрынуға жол жоқ. Сондықтан диалогтың сындарлы, мазмұнды әрі мағыналы болғаны жөн.

Ендеше, қазіргі таңда мемлекеттік аппарат үшін барлық әлеуметтік топтармен және азаматтық қоғам өкілдерімен тікелей қарым-қатынаста болу – ең маңызды мәселенің бірі.

### VII. МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫҢ ЖАҢАША ШЫҢДАЛУЫ

Қазір мемлекеттік қызметшілердің мүлде жаңа ахуалда жұмыс істеуіне тура келіп отыр. Бір жағынан, мемлекет олардың біліктілігіне, моральдық ұстанымы мен мінез-құлқына, тіпті процессуалдық-нормативтік міндеттеріне қатысты талаптарды күшейтіп жатыр. Екінші жағынан, халықтың да сұранысы арта түсті. Мемлекеттік мекемелер ашық жұмыс істей бастады. Түрлі деңгейдегі лауазымды тұлғалар немен айналысып жатқанын елге көрсетіп, қызметін жан-жақты түсіндіру үшін көпшіліктің алдына жиі шығатын болды.

Соның нәтижесінде мемлекеттік аппараттың жұмыс тәсілі өзгеріп, билік құрылымдары барынша ашық, ал шешім қабылдау үдерісі жариялы әрі тиімді бола түсті. Бұл, әсіресе таяуда болған алапат тасқын кезінде анық байқалды. Төтенше жағдай кезінде арнаулы апаттық-құтқару қызметтері, жергілікті әкімдіктер күндіз-түні жұмыс істеді. Мемлекет басшысы және Үкімет деңгейінде бірнеше шұғыл жиналыс өтті. Президент жағдайды бақылауда ұстау үшін қарғын судан ең қатты зардап шеккен аймақтарға арнайы барды. Жалпы, Мемлекет басшысының осындай төтенше жағдайлар кезінде қиындыққа тап болған отандастарымызбен үнемі кездесіп, сын сағатта оларға қолдау көрсетуге тырысатынын атап өткен жөн.

Мемлекеттің ең басты міндеті – адам өмірін сақтау және қиын жағдайға ұшыраған азаматтарды құтқару. Сондықтан ең алдымен, барлық күш халықты қауіпсіз жерге көшіруге жұмылдырылды. Нәтижесінде, алапат тасқын кезінде құтқарушылар

119 мыңнан астам адамды, соның ішінде 44 мыңнан астам баланы эвакуациялады.

Төтенше жағдай болған кезде билік барлық жауапкершілікті өз мойнына алып, қиын сәтте жедел әрі нақты шешім қабылдай алатынын тағы бір мәрте көрсетті. Мемлекеттің басқа да көптеген міндеті бар. Билік құрылымдары ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуден бастап елді мекендерді абаттандыруға дейінгі сан түрлі мәселемен қатар айналысып, күнделікті міндеттерінің бәрін үздіксіз атқара береді.

Мемлекеттік аппарат қоғамның барлық саласындағы өзекті мәселелерді шешумен де, ауқымды реформаларды жүзеге асырумен де қат-қабат айналысу арқылы жаңа жағдайда жұмыс істеп, мол тәжірибе жинақтап жатыр. Бұл тәжірибе Мемлекет басшысы айқындап берген, елімізді жан-жақты жаңғыртуға қатысты міндеттерді табысты орындауға септігін тигізеді сөзсіз.

### VIII. ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Еліміз Тәуелсіздігін жариялап, шекарасын шегендеп, мемлекеттік институттарын мен заңнамалық базасын қалыптастырғаннан кейін ұлттың саяси миссиясы аяқталды деп санайтындар бар. Бұл – түбірмен жаңсақ пікір. Алдымызда кастерлі тәуелсіздігімізді қорғау, мемлекетімізді дамытып, оны қуатты елге айналдыру, сондай-ақ халықтың әл-ауқатын арттыру секілді маңызды міндеттер тұр.

Бірегейлігімізді және өзіндік өмір салтымызды сақтау – ішкі саясатымыздың күн тәртібінде тұрған басты міндет. Бұл – бізді басқа елдерден, басқа халықтар мен басқа мәдениеттерден ерекшелеп тұратын құндылықтар, яғни жұртымыздың тамыры терең шежіресі, көп ұлтты, көп тілді сипаты, діни толеранттылығы және мәдениетіміздің әр алуандығы, бір-бірімізбен тіл табыса білуіміз, өзара қолдау көрсетуіміз және ырысты ынтымағымыз. Осының бәрі тұтаса келгенде, Қазақстанның өмір салтын танытады. Бір сөзбен айтсақ, біз озық ойлы ұлт ретінде әрдайым стратегиялық бағдарымызды берік ұстанып, ұлттық мүддеміз бен өмір салтымызды дәйекті әрі табанды түрде қорғауымыз керек.

Біз сырттан келетін арандатушыларға ілесіп, жат ақпарат пен идеологияның жетегінде кетпегеніміз жөн. Ішкі саясатта тек өзіміздің күн тәртібімізді басшылыққа алуымыз қажет. Бұл – біреуге немесе бірденеге қарсылықтың емес, керісінше, игілік пен ырыстың жолы. Біздің ішкі күн тәртібіміз жасампаздыққа негізделген, ол жаңа қоғам құруды, жан-жақты жаңғыруды және реформалар жүргізу мақсатын көздейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің өз ұстанымдарын және ұлттық мүддесін бәрінен биік қоюы қажеттігін бірнеше мәрте атап өтті. Мәселен, жуырда Сингапурға сапары кезінде арнайы дәріс оқып, біздің бүкіл әлеммен өзара ынтымақтастық орнатуға ашық екенімізді, бірақ Қазақстанның заңды құқықтары мен мүддесін қорғауға келгенде ешқашан қарап қалмайтынымызды қадап айтты. Президент еліміздің бейтарап ұстанымы қаттығы пен мәжбүрлеуді емес, дипломатия мен диалогті жақтайтын саналы тандау екенін атап өтті.

Қазақстан ішкі және сыртқы саясатын біреуге ұнау үшін немесе қандай да бір үрдіске ілесу үшін жүргізбейді. Біз, ең әуелі, ұлт мүддесін, төл ұстанымдарымызды басшылыққа аламыз. Жаһандық саясатта көпшіліктік пен аңғалдыққа жол беруге әсте болмайды. Көп векторы немесе бейтарап саясат жүргізу оңай әрі ыңғайлы деген пікір бар. Бұл шындыққа жанаспайтын дилетанттық тұжырым деуге болады. Қазақстан көп векторы, саликалы саясат жүргізіп отыр. Мұндай саясат ұстану, әсіресе жер жүзі сан тарапқа бөлінген қазіргі кезеңде өте қиын және орасан зор күш-жігерді талап етеді.

Осындай саясат жүргізу оңай емес екені анық. Бірақ геосаяси орнымызды ескерсек және еліміздің мүддесін ойласақ, бұдан басқа жол жоқ. Сондықтан қазіргідей қиын кезде ұлттық мүддемізді қорғап, өз ұстанымдарымызды сақтау үшін ел бірлігін және қоғамның тұтастығын нығайта түсу айрықша маңызды.

«Egemen Qazaqstan»



# ҚАҒИДАМЫЗ – ӘДІЛДІК, ТІРЕГІМІЗ – ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында көтерген мәселелері бойынша жұмыс сапарымен Сыр еліне келіп, Жаңақорған, Шиелі аудандары жұртшылығымен кездесулер өткізді.

Жұмыс сапары Жаңақорған ауданында басталды. Президент кеңесшісі ардагерлер, зиялы қауым, жастар және дін өкілдерімен кездесті.

Мәлік Отарбаев алдымен «Хорасан ата» кесенесіне барып, зиярат етті.

Келесі кезекте Президент кеңесшісі Түгіскен ауылдық клубының «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығының жұмысын көрді.

Еске сала кетсек, «Адал адам» мәдени-тәрбие беру орталығы жобасы мәдениет үйлері мен клубтардың жанынан жүзеге асуда. Тұжырымдаманың мақсаты – елді мекендердегі халықтың мәдениет нысандарына қолжетімділігін арттыру, балалар мен жасөспірімдерді мәдени тәрбиемен қамту, олардың бос уақытында шығармашылық үйірмелерге қатысуына жағдай жасау. Жобала «Кино-тайм», «Әлем BOOK», «ART уақыт», «Отбасы шуағы», «Еріктілер тобы», «Сыр сұхбат», «Креативті хаб» және арнайы мамандардың қатысуымен медиация, кенес беру бағыттары қарастырылған.

Одан соң аудан әкімдігінің мәжіліс залында зиялы қауым өкілдері қатысқан жиын өтті.

Президент кеңесшісі жиында Ұлттық құрылтайда көтерілген мәселелерге жан-жақты тоқталып, кеңкөлемде түсіндіріп өтті. Жиналған жұртшылықпен ашық әңгімелесіп, ұсыныстарын тыңдады.

Онан соң рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталығының құрылыс барысымен танысты. Бұл нысан музей, кітапхана, архив, неке кино залы, ардагерлер және аналар, жастар бас қосатын рухани орталыққа айналмақ.

Мәлік Отарбаев Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының аудандағы өкілдерімен кездесіп, ішкі және сыртқы тұрақтылықты сақтаудағы имам-

дардың үлесін атап өтті.

Халықпен өткен әрбір кездесуде ұлттық құндылықтармен қатар, тарихтағы ұлы тұлғалардың еңбек жолы мен ел үшін жасаған ерлігін, даналығын дәріптеуді ұсынды.

Мәдениет үйінде аудан жастарымен кездескен Президент кеңесшісі құрылтайда айтылған бастамаларды жүзеге асыруда жастардың қосар үлесі зор екенін және осы бағытта қоғам болып ұйысып, бірлесіп жұмыс атқару қажет екенін айтты.

Шиелідегі кездесуде Мемлекет басшысы айтқан «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» атты бағыттарды жан-жақты түсіндірді. Зиялы қауым өкілдері де елде орын алып жатқан өзгерістерге оң бағасын беріп, Мемлекет басшысының әрбір бастамасына тілектес екенін жеткізді.

Мәлік Нұржанұлы сапар барысында Ыбырай Жақаев ауылына барып, дикан рухына Құран бағыштады, күріш өсіру тарихи музейінің жұмысымен танысты.

Мұнан соң, Президент кеңесшісінің сапары аудан имамдарымен кездесуге ұласты. «Арман» мәдениет үйінде өткен жиында Мемлекет басшысы атап өткен құндылықтарды көпшілік санасына сіңіру үшін имамдар білімін арттырып отыруы керектігін айтты. Имамдар да өз ұсыныстарын жеткізді.

Жүздесулер легі «Жастар орталығында» жалғасты. Олар мемлекет ұсынған түрлі бағдарламалардың игілігін көріп отырғанын айтып, алғысын жеткізді.

«Бәйгекұм» ауылында «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығының жұмысымен танысып, жазғы демалыстағы бүлдіршіндердің өнерін тамашалады.

«СБ» ақпарат

# ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРУ: ҮШІНШІ КЕЗЕҢ ҮРЕЙЛЕНЕТІН МӘСЕЛЕ МЕ?

Үшінші кезең биыл 1 қаңтардан басталды. Оны заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары), жеке кәсіпкерлердің басшылары, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсырады. Шамамен 3,9 миллион адам тапсыруы қажет.

Ал төртінші кезең 2025 жылғы 1 қаңтарынан бастап жүзеге аспақ. Бұл ретте азаматтардың басқа санаттары (мысалы, жеке құрылымдардың қызметкерлері, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, студенттер және т.б.) тапсыратын болады. Осы кезеңде еліміз бойынша 6,9 миллион адам декларациялаудан өтеді деп күтілуде.

Жалпы 2025 жылы 13 миллионнан астам жеке тұлғаны қамту жоспарлануда. Айта кету керек, келесі жылы бизнесмендер жеке мүліктерін жариялауы керек. Бұл – жеке кәсіпкерлер, бірінші басшылар, құрылтайшылар, заңды тұлғалардың қатысушылары. Жұмыс істемей тұрған және жұмысын тоқтатқан кәсіпкерлер де декларация тапсыруы тиіс. Ал филиалдар мен өкілдіктердің басшылары заңды тұлға болып табылмайтындықтан декларация тапсыруға міндетті емес.

## Қандай мүлік жария етіледі?

Декларациялау басталады дегеннен көпшілік арасында түрлі әңгіме таралды, тіпті қорқыныш туындады. Әсіресе, әлеуметтік желілерде қызу талқыланды.

Негізі декларация тапсыру аса қатырғы урей тудыратындай мәселе емес. Бұл – ең алдымен көлемкелі экономиканы жарыққа шығару. Енді бұрынғыдай табыс тауып, мемлекетке салық төлеу деген болмайды. Екіншіден, халықтың қанша бөлігінің әлеуметтік жағдайы төмен екенін анықтау үшін керек. Ал үшінші себеп – қазір қолданыстағы сан алуан түрлі декларацияларды біреуіне біріктіру. Осы ретте айта кететін жайт, жалпыға бірдей декларация екен деп ешкім бар мүлкін жариялауға міндетті емес. Демек, кез келген ұсақ-түйекке декларация тапсырудың қажеті жоқ. Бар болғаны өзіңізге бар мүлікті тіркейсіз. Оның өзінде бір дүниеніңді құны 1000 АЕК-дан асатын болса. Ал бірнешеуі осы құнды құрайтын болса оны декларациялаудың қажеті жоқ.

Сондай-ақ мемлекеттік базда тұрған жылжымайтын мүлік, көлікті көрсету қажет емес. Сонымен бірге қазақстандық банктердің есепшоттарында жатқан қаражатыңызды да тіркеп жүрмейсіз. Өйткені ол ақпараттың бәрі салық органдарында оңсыз да бар.

Декларациялану керек меншікке

1-бет.



Фотос: Аймақ әрқармағы

шет мемлекетте тіркелген барлық жылжымалы және жылжымайтын мүлік жазылады. Оның ішінде жер учаскелері мен жер үлестері, көлік, арнайы техника, ұшақ пен кеме, шетел банктерінде ашқан шотында сақталған 1000 АЕК-тен астам қаражат, шетелде құрылған заңды тұлғаның жарғы капиталына қатысу үлесі. Сондай-ақ бағалы қағаздар, тұрғын үй ғимаратындағы үлес, инвестициялық алтын, зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері, айлық есептік көрсеткіштің 10000 еселенген шегіндегі қолма-қол ақша дебиторлық/кредиторлық берешегі, құны 1000 есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен асып кететін басқа да мүлік болса декларация тапсыру міндетті.

Бұл декларацияда Қазақстанда тіркелген жылжымалы және жылжымайтын мүлік, оның ішінде гараждар, жер учаскелері, саяжайлар, үйлер, автокөліктер көрсетілмейді.

– Декларацияны екі түрлі тәсіл арқылы тапсыруға болады. Қағаз жүзінде және электронды нұсқада. Қағаз жүзіндегі декларацияны ХҚКО арқылы немесе жергілікті мемлекеттік кірістер департаментіне хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберуге болады. Электронды түрде салық төлеушінің кабинеті, eGov порталы, esalyq азамат ашық eGov mobile мобильді қосымшалары арқылы жолдауға болады. Сондай-ақ халыққа ыңғайлы болу үшін Каспий, Центркредит Банкі (БЦК) мобильді қосымшалары арқылы да тапсыру мүмкіндігі бар.

Қазір декларацияны қабылдау жүріп жатыр. Бұл ретте қағаз жүзіндегі декларацияны биылғы жылдың 15 шілдесінен, электронды түрде 15 қыркүйектен кешіктірмей тапсыру керек. Барлық

азаматтарды уақытылы тапсыруға шақырамын, – дейді облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басқарма басшысы Гүлмира Ертанова.

## Қателікті түзетуге бола ма? Декларацияны ұсыныбау қандай жазаға әкеледі?

Көптің көкейінде жүрген сұраққа жауап – декларация тапсыру барысында азаматтар кез келген қателер мен дәлсіздіктерді қосымша декларация беру арқылы өз бетінше түзетуге құқылы.

Қосымша декларация – осы өзгерістер немесе толықтыруларға қатысты болатын салықтық кезең үшін бұрын ұсынылған өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген кезде толтырылады. Онда сомалары өзгертілген кезде салықтық кезеңдегі бұрын ұсынылған декларацияда көрсетілген сома мен іс жүзіндегі салықтық міндеттеме арасындағы айырма және қалған деректер өзгертілген кезде жаңа мән тиісті жолдар бойынша көрсетіледі. Егер декларацияда міндетті деректемелер дұрыс көрсетілмесе немесе мүлдем көрсетілмесе, оны кері қайтарып алуға болады.

Ал декларацияны уақытылы тапсырмаған жағдайда немесе ақпаратты анық емес көрсеткенде бірінші ескерту түріндегі әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

Бір жылы ішінде заңбұзушылықтар қайталанған жағдайда, уақытылы тапсырмағаны үшін 55380 теңге (15 АЕК), мәліметті анық емес көрсеткені

## ТАҒЫМ

# ӨМІРДЕН ӨТСЕ ДЕ, КӨҢІЛДЕН КЕТПЕГЕН АСЫЛДАР

Өмір жолында халқына жасаған жақсылығы мол, айналасына жүрек жылуын төккен, сәулелі ғұмыр көшкен асылдарымыз Ықылас Самұратұлы мен Салиха Мазбайқызы еді.

Ықылас аға кісіден қамқорлығын аямаған, қиянатқа бармайтын, бірсөзді, рухани өлемі бай, мәрттігі мықты, бекзат азамат болды. Ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге елеулі үлес қосқан тұлға.

Біз қазіргі Жалағаш ауданы «Жалағаш» совхозының №14 «Актив» орта мектебінде оқыған едік. Қазір ол Далдабай ауылы болып аталады, мектеп номері де 115 болып өзгеріп кетті. Біз тәлім алған ұстаздар болмысы ерекше болатын, сөз қозғаса тігілікті өмір, өнегелі тәрбие жайын айтатын. Олар бізді өнерге де, өмірге де қызықтырып өсірді.

Талай тарлан ұстаздар білім алдық – Қодар Ағбаев, Уайы Хайдаров, Орынбек Бөрібаев, Раушан Берманова, Шермағанбет Нұрмаханов, Хамар Жақыпов, Тоқшылық Үйсінбаев, Ұлданай Тоқпанбетова, Жұмақұл Әліязарова, Әбілхан Ералиев, Зинал Пірімжанов, Әбілхан Дүйсебаев, ағайынды Боранқұл мен Несібелі апайларым біздің өмір жолымызда өшпес із қалдырды. Сол ардақтылардың бірі, шоқтығы биік, өзі көркем, нағыз зиялы ұстаз, «математика – ұлы ғылым» десек, сол ұлы ғылым падишасындай болған Мазбаева Салиха апай еді. Үнемі жүзінен жылылық шуағы есіп тұратын, балалармен ерекше мейірім танытып сөйлесетін. Ұзын бойлы, ажары айдай, парасат-пайымы мықты, даусы құлаққа жағымды, басын тік ұстап тұратын айбарлы ұстаз болды.

«Жалағаш» совхозы мал шаруашылығымен айналысатын. 1969 жылы совхоз директоры болып Ықылас Самұратов тағайындалды. Осыған байланысты Самұратовтар отбасы біздің ауылға қоныс аударды. Ол кісінің өмірлік жары Салиха апай Қызылордадағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттан ауысып, біздің мектептің математика пәні мұғалімі және директорын тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

«Жасы ұстаз – мектептің жүрегі» деп бекер айтылмаған, Салиха апайымыз мектептің жүрегі болды. Көптеген іргелі істердің ұйытқысы еді. Мінезмен,

терең білімімен шәкірт жүрегін жаулап алатын. Даталы кештер, би кештері салтанатпен өтетін. Мектеп сол тұста ауыл мәдениетінің ошағы болды. Би кешінің аяғында Ықылас ағамыз да келіп сүйікті жары Салиха апайды биге шақырып, қол ұстасып билейтін. Ұстаздар да қосыла кететін. Олар ерекше жұп болды. Бойы биік, әсем тұлғалы, мүсіндей бір-біріне жарасып тұратын. Шәкірт қауым көздің қыңғымен сүйсініп қана қарап қоятынбыз. Сонда олар жап-жаас екен ғой.

Біздің совхозда 42 мыңнан астам қой, оған қоса сиыр, түйе малы болды. Олар совхоздың төрт фермасына бөлінген. Басы Қарақұмда, аяғы Сырда жайылған мал есен даланы жайлап жатты. Осындай шаруашылықты басқару, малды қақаған қыс пен шыжыған аптап ыстықтан сақтау, ел-жұртпен етене жақын болу міндетін Ықылас Самұратов күш-жігерін жұмсап атқарды. Көктемгі малды қырға шығару, төлдету, қой қыркымы науқаны кезек күттірмейтін қыруар жауапты іс болатын. Мамандар апталар, айлап мал соңында жүріп, ел маңын көрмейтін.

Шаруашылығымыз егінмен де айналысты. Бақша дақылдары, мал азығына жүгері егу, оны қысқы сүрлем азыққа даярлау үшін қамбаға бастыру міндеті, жеміш дайындау, толып жатқан тоқтамайтын тірішілік еді. Сол кезде Қазақстандағы мал басын 50 миллионға жеткізу деген үлкен стратегиялық жоспар тұрды. Совхоз 50 миллионға үлес қосу үшін жоспар жасап, үндеу қабылдап отырды. Талай ерен еңбектің ерлері марапат-атақтарын алды, алды отандық жиын-тойларға қатысты. Осындай қызу еңбектің басында Ықылас Самұратов ағамыз тұрды. Совхозымыз ертеректе «Қаракөл» қой совхозы болып аталды, кейіннен «Жалағаш» совхозы болған еді. Ол ауылда үш қой фермасы, №4 және сиыр фермалары болды.



Көктемде елде адам қалмай Қарақұмға үлере көшеді, себебі мал қыстан шығып, жазғы жайлауға бет алады. Жолшыбай мал төлдеп, қозы көгенделеді, олардың отбасы да үлере көшіп қырға қонады. Жанан бұрын талап – малды сақтап, сонау қыр төріне шоптін отына жеткізу. Әрине, көліпен емес, малды айлап жайып, ауанымен айдап жеткізу керек. Отын, су, тамақ дегендерге бөлінген көлік тағы бар.

Күрделі науқан кезінде жұмыс қолы ретінде ауылдың, ауданның, қаланың қызметкерлері қара жұмысқа жегіледі. Ауыр еңбектен тұратын жұмыстар – көктемгі, күзгі қой қыркым, көктемгі, күзгі мал көшіру және қой қоздау. Бұл қой совхозында қаракөл елтірісі жиналады, ол тазаланып бірден Шымкент қаласындағы қаракөл зауытына өткізіледі. Қыркымнан алынатын тоналған пресс жүн де Қарақұмнан тікелей Шымкентке жөнелтіледі.

Науқан кезінде ауыл басшылары совхоз кеңесінің алдына жиналып, биік қалалдың басына шығып азаматтарға тапсырма беріп, көлікке мінетін еңбекші қолды аттандыратын. Қырға шығатын әр фермадағы қыстауда жайланған малыналарға көмекші қол осылай жететін. Оның бәрі жай өзі бола салмайды, Ықылас ағамыз қатқылдау сөйлеп, тапсырма беріп, көшті аттандырып, өздері де көш соңынан кететін. Бұл – мал шаруашылығымен айналысқан әр елдің басындағы тірішілік

көрінісі. Бұған бүкіл елді, мал шөбін дайындау, қой қыру науқандарында тіпті мектеп оқушыларын да жабатын.

Шұбартаулықтардың бастамасын қолдап, алғаш үндеу қабылдаған 1974 жылғы мектеп тұлелері болды. Алғаш рет қаһарлы суықта, боранмен алысып 1973 жылы қырда қыстаған мал мен малышы қауымы, ондағы азапты еңбек, соның бәрі ертегі болып артта қалды ғой.

Сол жылы Қарақұм төрінде шопандардың балаларына арнап жаңа бастауыш мектеп ашылды. Қарақұмның ұлыған қасқа бораны, сақпыраған сары аязмен алысып, ұстаздық қызмет атқарған мектеп тұлелі, бар болғаны он жеті жастағы Құммышова Алтын еді.

Мен мектепте оқушы кезімде де, оны бітірген соң да тапсырмамен ауылдағы қызу еңбекке араласып, бастауыш комсомол комитетінің секретары болып қызмет атқардым.

Ауыл халқы мәдениетті, тату-тәтті өмір кешті. Жазғы және қысқы мәдениет клубы, онжылдық мектеп-интернатпен, үш түрлі сауда орталығы болды. Үлкен кітапхана, орталық қонақ үйі, типтік моншасы және аурухана, дәріханасы жұмыс істеп тұрды. Совхоз орталығында үлкен жеміс бағы болатын. Осындай іргелі елді мекенді қалдырып, «Жалағаш» совхозының орталығын көшірді. Ел басшылары «Қаракөтен» станциясы орталығынан

совхозды жанадан қайта құрып, жасақтап, өркендетті.

Бұл игі іске сол тұста қолдау көрсеткен Жалағаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы марқұм Сұлтан Аманов еді. Идеяны ұсынып, жоспарын жасаған совхоз директоры Самұратов Ықылас пен партия комитетінің хатшысы Ысқаков Махамбетжан. Ол жаңа келген елді мекенде жалғыз мекеме – үш елді аймақ қарайтын ауылдық совет қана, саусақпен санарлық тұрғын үйлер және клуб. Ең мықтысы және қажеті – тоғыз жолдың торабы теміржолдың болғаны.

Станцияда жаңа типтегі халыққа қажет мекемелер салынды. Сегізжылдық мектеп онжылдық болып қайта құрылды. «Жалағаш» совхозындағы барлық қызметтегі мамандар осы елге көшіріліп, жаңа орынға қоныс тапты. Сол тұста жаңа аурухана, мектеп-интернат, қаншама тұрғын үй салынды. Бұл елді мекен кеңейді әрі көркейді. Қаншама халық тұрақтады. Әңгіме бұнда емес, басшыларға керекті теміржол бекеті болатын. Сырттан келетін тасымал отын, көмір, құрылыс материалдары, мал азығы жем, жанармай барлығы вагон-вагон болып, тонналар түсіріліп станциядан ауылға қоймаға тасылатын. Мұның өзі жергілікті халыққа екі жұмыс көзі болған еді.

Міне, Ықылас Самұратов жаңа қоныс еткен ауыл осылай тірішілік жасап, жарқырап көш түзеді. Ол тұста ағамыздың жасы отыздан енді ғана асқан екен. Осындай жаста елді, іргелі шаруашылықты басқару – үлкен ерлік, көрегендік.

Ықылас ағаның замандасы, елдегі қыруар жұмыстың ұйытқысы болып бірге жүрген, кезіндегі ауылдың бас дәрігері, ҚР Құрметті дәрігері, тарихта аты алтын әріппен жазылған ардақты дәрігер Байзақ Іздібайұлы ағамызбен сұхбаттасқанда былай деп көңіл күйін шертті: «Мен Ықыласпен қатар қызметте болдым, жасымыз да телелес еді. Қызмет бабында да талай игі істеріне куә болдым. Сауатты, әділетті басшы болды. Шопандарға да оң көзімен қарайтын. Барынша адал азамат еді. Мемлекет мүлкіне де аса қырағылықпен қарайтын. Таң демей, күн демей халық

үшін 11076 теңге (3 АЕК) мөлшерінде айыппұл салынады.

Салықтардың төленбеуіне әкеп соқтырған заңбұзушылықтар үшін айыппұл төленбеген салық сомасының 200 пайыз, заңбұзушылық қайталанған жағдайда 300 пайыз болады (салық салу объектісін жасырған кезде).

## Өңір статистикасы

Қай мемлекеттің болсын экономикалық әлеуетінің басты тірегінің бірі салық екені белгілі. Мемлекеттің материалдық мүддесі мен қоғамдық өмірі де осы салада тоғысады.

Осы ретте облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті көлемкелі экономика деңгейін төмендету мақсатында салық базасын ұлғайту және түсімді арттыру, салықтық және кедендік әкімшілендіру бағытындағы жұмыстарды үйлестіру бағытында бірқатар жұмыстар атқарып келеді. Сондай жүіелі жүргізіліп жатқан жұмыстардың бірі – декларация жұмысының орындалуы.

Бүгінде облыс бойынша І, ІІ кезеңде активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны мемлекеттік қызметшілер және оларға теңестірілген адамдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері сондай-ақ олардың жұбайлары тапсырды. Барлығы 145 991 жеке тұлға тапсырған.

Үшінші кезең бойынша аймақта 1 қаңтардан бастап декларацияны 80 мыңнан астам тұлға табыстауы тиіс. Қазіргі таңда 33 463 жеке тұлға тапсырған. Бұл 41,4 % құрайды, қалғаны – 47201 тұлға.

Декларация тапсыру кезең-кезеңімен жүзеге асып келеді. Кейін жыл сайын кірістер мен мүлік туралы декларация (270.00 мыңнан) ұсынылады. Жалпыға бірдей декларациялаудың негізгі міндеті – әділ салық салуды қамтамасыз ету және әлеуметтік саясатты жетілдіру, жеке тұлғалардың кірістерін бақылаудың тиімді тетігін құру, сыбайлас жемқорлық пен көлемкелі экономика деңгейін төмендету. Егер декларациялауға қатысты сауалдар болса бізге келіп кез келген адам толық ақпарат ала алады. Бұл үшін қызметкерлер жауап беруге дайын, – дейді Гүлмира Ертанова.

Жалпы декларация тапсыру кешелі-бүгінді шыққан дүние емес. Мұндай жүйе АҚШ, Канада, Германия, Франция елдерінде бұрыннан бар. Айта кету керек, жалпыға ортақ декларация тапсырған кез келген тұлғаның аты-жөні оның рұқсатсыз еш жерде жарияланбайды. Сондықтан мемлекетке есеп беруден қорықпағаныңыз абзал.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

қамында жүретін басшы болды».

Еліне елеулі, халқына қалаулы болған Ықылас Самұратұлы 1936 жылдың 5 мамырында қазіргі Қазалы ауданында дүниеге келген. Алматы зооветеринарлық институтының түлегі. Алғаш еңбек жолын Шиелі ауданында бастайды. Онан соң «Жалағаш» совхозының директоры (кейіннен «Қаракөтен» ауылында) қызметін атқарып, өрелі істердің ұйытқысы болды.

Қызылорда қаласына 1974 жылы қызмет бабымен ауысып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мал дәрігерлік бөлімінің бастығы, облыстық мал дәрігерлік лаборатория директоры қызметтерін абыроймен атқарып, беделді де білікті маман болып, еліне елеулі қызмет атқарды.

Ағаның сүйген жары, біздің асыл ұстазымыз Салиха Мазбайқызы 1937 жылдың 24 наурызында Жамбыл облысы Шу ауданында дүниеге келген. Мектепті үздік бітіріп, Алматыдағы қыздар педагогикалық институтының математика факультетіне 1956 жылы оқуға түсіп, 1960 жылы бітірген.

Біздің ауылдан кейін Қызылорда қаласындағы №235 мектепте қызметін жалғастырып, 20 жыл ұстаздық етті. Шәкірт санасына сәулелі білім ұялатып, «менің ардақты ұстазым» дегізді. Отбасылық өмірде адал жар, абзал ана жолдасы Ықылас аға екеуі Серік, Әлия, Галия атты үш перзент тәрбиелеп, өсірді.

Олар халық алдында саналы азамат болып, өз қызметтерін абыроймен атқарды.

Халқы қалір тұтқан, азаматтың абзалы Ықылас аға 2008 жылдың 23 желтоқсанында, Салиха апайымыз 2014 жылдың 20 маусымында дүниеден озды. Шүкір, артында еліне ардақты қыздары, келіні, күйеу балалары қалды және немерелері, шөберелері өсіп келеді.

Ауылдың қак ортасында Ықылас ағамыздың өзлеріне арнап салғызыған ақшақан үйлері тірішілігін маздаттып, шама жарқырап әлі тұр. Бәрі көңілге ыстық.

Жаса СЕРІКБАЕВА, ҚР Білім беру ісінің үздігі



## ҚАЗАНАМА

Сыр елі қабырғасы қайысып, орны толмас қазаға душар болды.

4 маусым күні 78 жасында «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Қызылорда облысының, Сырдария ауданының Құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері Алмагүл Божанова дүниеден озды.

Алмагүл Божанқызы 1946 жылы 14 наурызда Тереңөзек ауданы (қазіргі Сырдария) «Қызылөзек» елді мекенінде дүниеге келген.

1964 жылы Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесін, 1970 жылы педагогикалық институттың орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. 1964 жылы Тереңөзек ауданының «Шаған» ауылында балабақша меңгерушісі болып еңбек жолын бастаған.

«Бесөзек» ауылындағы мектепте мұғалім, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, А.Токмағанбетов ауылында мектеп директоры болды.

1983-1992 жылдары аудандық партия комитетінің хатшысы, халық депутаттары Тереңөзек ауданы Кеңесі атқару комитетінің орынбасары, төрағасы.

1992-1999 жылдары Тереңөзек ауданының әкімі, 1999 жылдан облыстық мәслихат хатшысы, депутаты, «Нұр Отан» ХДП Қызылорда облыстық филиалы төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

Алмагүл Божанқызы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізде жергілікті мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесі қалыптасып, әкімдік институты енгізілген кезде аудан басқарған жалғыз әйел азаматы болды.

Өмірінің соңына дейін қоғамдық іс-шаралардың бел ортасында болып, «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің жұмысын жүргізді.

Тағлымды тағдыр иесі өңірдегі бекем бірлік пен тату тірлікті қамтамасыз ету, аға буын өкілдеріне құрмет көрсету, жастарға дұрыс тәлім-тәрбие мен бағыт-бағдар беру бағытындағы жұмыстардың барлығының басы-қасынан табылды.

Ардақты жан өзінің ақыл-парасатымен, білімімен, қайраткерлік қарым-қабілетімен абырой биігіне көтеріліп, елге жасаған өлшеусіз еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, «Парасат», «Құрмет», «Құрмет белгісі» ордендері мен «Ерен еңбегі үшін» және басқа да медальдармен марапатталып, Қызылорда облысы мен Сырдария ауданының Құрметті азаматы атағына ие болды.

Барлық қажыр-қайратын, күш-жігерін облыстың әлеуметтік саласының дамуына арнаған Алмагүл Божанқызының есімі аймақ тарихында қалатыны сөзсіз.

Болмысы бар, парасатты тұлғаның жарқын бейнесі халқының жадында мәңгі сақталады.



Фото: Аймақ басқаруы

Жалпы, мемлекетаралық комиссия лимиті бекіткенде Аралға түсетін судың мөлшерін де бақылауда ұстайды. Өкініштісі, табиғи жағдайға байланысты бұл болжам 40-50 пайыз көлемінде орындалып келді. Қазір теңізге 20 текше метр су түсіп жатыр. Алдағы аптада 30 текше метрге дейін көтеріледі. Сәуір айына болжанған 70 текше метр су жаппай егістің басталуынан орындалмай қалды.

– Кейінгі уақытта Кіші Арал теңізіндегі судың тұздылығына байланысты мәселелер көтеріліп келеді. Мамандар судың тұздылығы 13,5-ке жетсе, балықтар өмір сүре алмайтынын айтады. Сондықтан облыс басшылығының қолдауымен теңізге түсетін судың деңгейін төмендетпеу қатаң бақылауға алынған. Бұл мақсатта министрлік және өзге де құзырлы мекемелермен тығыз байланыста жұмыс жасап келеміз. Сондай-ақ қазір Арал теңізіне бөлінетін су лимиті елімізде жанадан қаралып жатқан «Су кодексіне» енгізу жөнінде ұсыныстар бар. Кодекс жыл басынан бері Парламентте талқылануда. Аталған пікір онда ескерілген. Мемлекет басшысының қолдауымен жүзеге асатын «Қараөзек» су қоймасы аймақтың су ресурстарын басқару ісіне оң септігін тигізеді. Онда 1 млрд текше метрге дейін су сақтайды. Қазір оған байланысты техника-экономикалық негіздемесі жасалуда. Жоба-сметалық құжатты дайын болғаннан кейін құрылысы басталады деп күтілуде. Су қоймасы екі жылдың көлемінде пайдалануға беріледі деген болжам бар. Алдағы уақытта аймақ үшін «Қараөзектің» пайдасы орасан. Судың мол уақытында онда су жинақталады. Қажет кезінде егінге жіберіледі, – деді Қ.Сәрсенбаев.

1-бет.

## Аралға арнайы лимит керек пе?

Елімізде су қорлары гидрографиялық белгілер бойынша бассейндік жүйеде басқарылады. Ал, ел аумағы сегіз су нысаны бассейніне бөлінген. Сала мамандарының айтуынша, Арал-Сырдария бассейні олардың арасында ең ауқымдысы, сондай-ақ, экологиясы жөнінен проблемасы толық шешімін таппаған.

– Арал-Сырдария бассейні климаты жағынан ерекшеленеді. Бізде жаз айында аптап ыстық, жауын-шашын мөлшері тым аз. Мұндай жағдайда су шаруашылығы экономиканың барлық салаларының тұрақты жұмысы мен халық тіршілігінің қамтамасыз етілуіне, қоршаған ортаның тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Жалпы, Сырдария өзенінде су мол жылдары төменгі ағыста су басу қаупі тіркелсе, су аз жылдары вегетация кезінде тапшылық сезіледі. Биыл жыл басынан бастап Арал теңізіне нақты түскен су 1158 млн текше метрді құрайды. Айта кетсек, 24 мамырдан бастап «Шардаралан» төменге қарай секундына 300, 28 мамырдан бастап секундына 350 текше метр су тасталуда. Оған «Көксарай» су реттегішінен қосылатын суды қоса есептегенде төменге қарай секундына 650 текше метр су жіберіледі, – деді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Жансұлтанұлы.

Оның айтуынша, 2023 жылдың 8 желтоқсанында Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірге «Қызылорда облысындағы суармалы жүйелері мен гидротехникалық құрылыстарды қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспар» бекітілген.

Кешенді жоспарға республикалық меншіктегі 26 магистральді және шаруашылықаралық каналды, 21 қашыртқыны, 144 тік дренажды ұңғыманы

қайта жаңғырту, каналдарды цифрландыру, автоматтандыру және басқа да су шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған 37 жоба енгізілген.

Жаңақорған ауданының Келінтөбе магистральді каналына су беретін канал және Жаманбай батыр ауылдық округіндегі науалық сугару жүйесінің құрылысы жобаларын жүзеге асыруға биыл республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Оған қоса министрлікке коммуналдық меншіктегі 8 су шаруашылығы нысанына күрделі жөндеу жүргізуге бюджеттік өтінім ұсынылды.

## Тамшы судың есебі бар

«Қазсушар» РМК облыстық филиалы, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мамандары су пайдалану лимитіне сәйкес биылғы жылға бекітілген егін көлемін нақтылады. Жалпы алғанда, 187,5 мың гектар жерге егін орналастыру жоспарланса, оның 81,2 мың гектары күрішке бағытталған. Қазір филиал тарапынан нақтыланған индикативтік жоспар мен белгіленген лимитке сәйкес су пайдаланушылармен келісім-шарт жасалуда. Атап айтқанда, бүгінге дейін 760 шаруашылық құрылымының 116 мың гектар егін алқабына 2,665 млрд текше метр су жеткізіп беруге құжат дайындалды.

Мамандар лимит пен нақтыланған индикативтік жоспарға сәйкес су пайдаланудың күнтізбелік жоспарын әзірлеп, кестеге сәйкес жұмыс жасауда. Вегетациялық кезеңде егін алқаптарына 21 сәуірден бастап каналдар арқылы Сырдария өзенінен 1 млрд 194,3 млн текше метр су алынып, су пайдаланушыларға 936,9 млн текше метр су жеткізілді. Күнтізбелік жоспарға сәйкес мамыр айының

үшінші онкүндігінде Сырдария өзенінен магистральді және шаруашылықаралық каналдар арқылы секундына 460 текше метр су берілді. Егілген 80,1 мың гектар күріш алқабының басым бөлігі суға бастырылды.

– Филиал мамандары су пайдаланушылардың суранысын қамтамасыз ету үшін облыс, аудан әкімдіктерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізуде. Аудандық өндірістік бөлімшелердің барлық маманы күндіз-түні егін алқаптарына су жеткізіп беру ісін қадағалауда ұстап отыр. Күріш себуі және суға бастыру кезінде суды үнемді және тиімді пайдалану түсіндірілуде. Үкімет резерві есебінен берілген насос қондырғыларын су жетіспеушілігіне қарай белгіленген орындарға құру ескеріледі. Су тапшылығына қатысты ескертпеге қарамастан, кейбір шаруашылықтар канал сағасынан қашық немесе биік алқаққа егін екен жағдайлар бар. Олар өз қаражаты есебінен насос қондырғысын орнатуы тиіс, – дейді «Қазсушар» РМК облыстық филиалы директорының орынбасары Айдос Асанбаев.

Жалпы алғанда, облыста суды үнемді пайдалану үшін нақты жұмыстар жүргізілуде. Шаруашылық құрылымдары тамшылатып және жаңбырлатып суару әдісін қолдана бастады. Австралиялық «Рубикон» компаниясының технологиясы арқылы суды пайдаланудың нақты есебін жүргізуге мүмкіндік бар. Қазір бұл бағытта тиісті іс-шаралар қолға алынған. Сондай-ақ су шаруашылығы саласын цифрландыру ұмыт қалып жатқан жоқ. Бұл – бақылау күшейе түсуде деген сөз.

– Рас, егін егуімен айналысатын кейбір азаматтар келесіздікке жол беріп жатады. Қазір әрбір тамшы судың есебі бар. Бұл жөнінде диқаналарды ұдайы құлағдар ететіз. Жауапсыздыққа жол бергені болса, оларға тиісті айыппұл қарастырылған. Біздің міндетіміз – «Шардаралан» алынған судың межелі жеріне дейін ысырапсыз жетуін қадағалау. Сондықтан ешбір шаруашылық рұқсатсыз су алуына болмайды. Алдымен қатаң ескерту беріледі. Қазіргі таңда біздің инспекция құзыретін арттыру жөнінде тиісті орындарға ұсыныстар берілуде, – деді Қ.Сәрсенбаев.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

# КӨНЕ КӨЛІКТЕР КЕРУЕНІ

Әйгілі «Бейжің – Париж 2024» автошеруі Қызылорда қаласында болды. Автошеру құрамында әлемнің 22 елінен жиналған ретротехникаға қызығатын 287 қатысушы бар. Көне көліктердің орташа жасы 88 жылды құрайды. Қызылордаға келген көліктердің арасынан 1934 жылғы Bentley мен 110 жыл бұрын шыққан American LaFrance көлігі көруге болады.

Автошеру қатысушылары 18 мамырда Бейжіңнен шығып, Үрімші арқылы өтіп, 3 маусымда облысымызға жетті. Шара кезінде полицейлер қауіпсіздік шараларын қабылдап, қоғамдық және жол қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Шеруге қатысушылар тәртіп сақшыларына алғыс білдірді.

Үлкен раллиге 22 елден 300-ге жуық ретро көлік жиналды. Қызылордаға барлығы 73 көлік келді. Тұрғындар осындай ерекше көріністі тамашалауға молынан жиналды.

Ралли – әлемдегі ең көне маршруттардың бірі. Сонау 1907 жылдан бері үш жылда бір рет өткізіліп келеді. Әр үш жыл сайын бұл дәстүрді Лондонның Endurance Rally Association (ERA) ұйымы жаңғыртып келеді. Оған 1976 жылға дейін шығарылған автокөліктер қатыса алады.

«Бейжің – Париж 2024» – техникалық прогресс тарихына деген құрметтің бір түрі. Әрі заманауи энтузиастар үшін үлкен сынақ. Ралли идеясының

авторы француздық «Le Matin» газеті 1907 жылғы 31 қаңтардағы нөмірінде: «Көлігі болса, адамның қолынан бөрі келетінін, кез келген жерге жете алатынын дәлелдеу керек. Осы жазда Бейжіңнен Парижге көлікпен баруға кімнің батылы жетеді?» деген үндеу тастапты. Содан бері гасырдан астам уақыт бойы дәстүрлі ралли жалғасын тауып келеді.

Автошеру 23 маусымда Франция астанасына жетуі керек. 14,5 мың шақырымдық жол Кытай, Қазақстан, Әзербайжан, Грузия, Түркия, Грекия, Сан-Марино, Италия және Франция арқылы өтеді. Аталған елдердің тұрғындары үшін бұл – сирек кездесетін нағыз музей экспонаттарын көру мүмкіндігі.

Сегебі, раллиге әртүрлі елдердің 1907-1975 жылдары шығарылған көліктері қатысады. Мысалы, 1907 жылы жасалған үш дөңгелекті көліктер бар. Қозғалтқыш конструкциялары да әртүрлі. Жартылай бу қозғалтқыш бар автомобильдер де кездеседі.



Мұндай раллиді жарыс деп айту қиын. Өйткені басты міндет – маршруттың соңына жету. Көліктің жылдамдығы емес, төзімділігі сыналды. Бір қызығы, бригадаларға өз инженерлерінің болуына тыйым салынады. Ралли кезінде бұзылған көліктерге техник сарапшылардың ұйымдасқан халықаралық тобы көмектеседі. Бірақ ережеге сәйкес, ретро көліктерді тек түнде, ұйымдастырылған тұрақ

кезінде жөндеуге рұқсат етілген. Күндізгі уақытта көлікті экипаж өз бетінше немесе еріп жүретін техникалық қолдау координаторларының көмегімен жөндеуі керек. Сондықтан, көліктің барлығы бірдей Парижге жете алмайды.

Биылғы көне көліктер керуені облыстың 812 шақырымын жүріп өтеді. Сондықтан бұл – көрікті жерлерді, табиғатты

көрсетуге, қатысушыларды жергілікті мәдениетпен таныстыруға да тамаша мүмкіндік.

Бұдан әрі ескі көліктер Арал ауданындағы «Ақеспе» елді мекеніндегі ыстық су көзінің жаңында түнеп, сапарын әрі қарай жалғастырады. Қатысушылар Ақтау арқылы Бакуға өтіп, шеруді Парижде аяқтайды.

Биболат СӘТЖАН  
«Сыр бойы»

## ЕРКІНДІК НЫШАНЫ

№2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында кітапханашы Гүлзат Уалиеваның ұйымдастыруымен «Ел рәміздері – еркіндік нышаны» тақырыбында танымал шара өтті. Орталық қызмет алушыларына мемлекеттің айрықша белгілері – ұлттық рәміздеріміздің ерекшеліктері таныстырылып, әрбір атрибут-

тары жайлы ақпараттар айтылды.

Шара соңында орталық кітапхананың тұрақты оқырманы Хурниифа Сайлауқызы өз елінің патриоттық ретінде бос уақытында салған суретін таныстырып, рәміздер туралы ой бөлісті.

«СБ» ақпарат

## Хабарландыру

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылдың 3 маусымдағы ұйғарымымен ЖК Ахметова Алтын Абдуллаевнаға (ЖСН 680806400464) оналту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Арай ш/а 1, тел.: 87788180737.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.  
**E-mail: smjarnama@mail.ru**